

ИЗ-ЗА НОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ГЕОГРАФИИ МИРА И РОСТА ТОРГОВЫХ ПОТОКОВ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ СФЕРА ОБРЕТАЕТ В НАШЕЙ СТРАНЕ СТРАТЕГИЧЕСКУЮ ЗНАЧИМОСТЬ. НО ДЛЯ ЕЕ УСПЕШНОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ НАМ НЕОБХОДИМЫ НЕ ТОЛЬКО СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ИНФРАСТРУКТУРА, А САМОЕ ВАЖНОЕ – ЭТО ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ, КОМПЕТЕНТНЫЕ КАДРЫ.

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,  
генеральный директор Союза транспортников Казахстана  
«KAZLOGISTICS»



№15 (3054)  
28/02/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ПЕРВЫЕ ГИБРИДНЫЕ МАНЕВРОВЫЕ ЛОКОМОТИВЫ ПОЛУЧИТ ҚТЖ

В городе Пекине (КНР) состоялся целый ряд стратегических переговоров в сфере транспортно-логистической отрасли Казахстана. Так, руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» встретилось с главой государственной корпорации «Китайские железные дороги» господином Го Чжусюэ.

Стороны подвели итоги работы железных дорог в 2024 году. Отмечено, что объем перевозок между РК и КНР составил рекордные 32 миллиона тонн, рост к прошлому году – на 13%. В январе текущего года прирост составил уже 18%.

Особое внимание было уделено развитию ТМТМ, объемы перевозок по которому в прошлом году выросли в 33 раза. Новый импульс развитию маршрута придаст приращение китайских железных дорог к Middle Corridor Multimodal Ltd. в марте текущего года (совместное предприятие Казахстанских, Азербайджанских и Грузинских железных дорог).

По итогам встречи были утверждены совместные планы на 2025 год, определены ответственные исполнители и установлены сроки реализации мероприятий. Так, с 1 марта текущего года договорились увеличить сдачу поездов из Казахстана в Китай через погранпереход Алтынколь – Хоргос, с 8 до 15 поездов в сутки, и с 1 июля текущего года через погранпереход Достык – Алашанькоу, с 14 до 28 поездов в сутки. Это увеличение значительно повысит экспортный потенциал и откроет дополнительные возможности для отечественных товаропроизводителей.

Еще одной архиважной



встречей стали переговоры руководства АО «НК «ҚТЖ» с главой китайской корпорации CRRC Corporation Limited господином Сунь Юнцай. Стороны отметили успешный ход реализации ранее достигнутых договоренностей по поставке 200 локомотивов.

В этом году в Казахстан будет поставлена первая партия (90 единиц) магистральных и маневровых тепловозов, в том числе будут поставлены первые на пространстве колеи 1520 мм гибридные маневровые локомотивы.

Напомним, маневровый локомотив в среднем работает в движении от 4 до 6 часов в сутки. При этом по технологии двигателя должен быть всегда в горячем состоянии. Применение гибридных локомотивов позволит обеспечить значительную экономию топлива.

Кроме того, CRRC создаст в Казахстане центры сервисного

обслуживания поставляемых локомотивов. Начато обучение персонала по их эксплуатации и обслуживанию.

Рассмотрены и другие перспективные направления сотрудничества: цифровизация, технологические решения по инспекции пути и контактной сети, подвижной состав для высокоскоростного пассажирского движения, технологии автоматического изменения ширины колеи тележки грузового вагона и другие.

Во время третьей знаковой встречи ҚТЖ и крупнейшей строительной компании Китая CCCC обсудили расширение сотрудничества.

Так, 24 февраля 2025 года в городе Пекине глава компании China Communications Construction Company (CCCC) господин Ван Тунчжоу принял председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Нурулана Сауранбаева. Отметим, CCCC – крупней-

шие пути развития, включая модернизацию существующих маршрутов. Китай, являясь одним из крупнейших торговых партнеров Казахстана, играет ключевую роль в транспортной инфраструктуре страны.

Данные встречи стали не только символом готовности Казахстана углублять стратегическое партнерство с Китаем, но и четким сигналом о намерении активизировать развитие транспортной и логистической инфраструктуры.

Ключевые результаты переговоров – укрепление двустороннего сотрудничества в транспортной сфере, создание благоприятных условий для бизнеса и логистики, а также улучшение общей инфраструктурной связи между Казахстаном и Китаем. Это позволит значительно повысить эффективность перевозок и усилить экономические связи между двумя странами, что имеет важное значение для региональной и глобальной торговли.

Данные шаги помогут значительно ускорить развитие транзитного потенциала Казахстана, улучшить его позиции как ключевого игрока в международной логистике и транспортно-логистике товаров между Азией и Европой.

Аула ТЛЕУБАЙ  
Фото предоставлено  
пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»

### ҚОСЫМША ПОЙІЗДАР ШЫҒАДЫ



Көктемгі мерекелер қарсаңында жолаушылар ағынының өсуіне байланысты Ұлттық тасымалдаушы қосымша пойыздарды іске қосып, орын санын арттырады.

Жалпы, Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамы кезінде жолаушыларға 58 мыңнан астам қосымша орын ұсынылып отыр. Айталық, 8 наурыз мерекесіне 18 мыңнан астам қосымша орын бөлініп, сұранысы жоғары бағыттарға 265 қосымша тіркеме вагоны қосылып, қала маңы пойыздарының жүру жиілігі артады: «Астана-1-Бұрабай курорты» – 7, 8, 9, 10 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта), «Теміртау-Ақадыр» – 7, 8, 9, 10 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта).

Наурыз мейрамы кезінде жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету мақсатында 3 пойыз қосымша жолға шығады: «Астана (НЖ) Алматы-1» – 20, 21, 23, 24 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта), «Астана-1-Шымкент» – 21, 22, 24, 25 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта), «Ақтөбе-Астана (НЖ)» – 16, 18, 20, 22, 23, 25 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта).

Сонымен қатар қала маңы бағыттарында қосымша электр пойыздары іске қосылады: «Астана-1-Бұрабай курорты» – 21, 22, 23, 25 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта), «Қарағанды-Астана-1» – 21, 22, 23, 25 наурыз аралығында қатынайды (жөнелту және кері бағытта).

Наурыз мейрамы кезінде сұранысы жоғары бағыттарға 432 қосымша тіркеме вагоны қосылып, 20 мыңнан астам орын ұсынылады. Билеттерді [ilet.railways.kz](http://ilet.railways.kz) сайтынан және теміржол вокзалдарының кассаларынан сатып алуға болады. Қосымша ақпаратты 1433 нөмірі арқылы немесе «Жолаушылар тасымалы» АҚ @jolashylar\_tasymaly атты Instagram пақшасынан алуға болады.

Ұлаң ОРАЗ



Бекзат КӨРІМХАНОВ,  
Семей станциясы бас инженерінің міндетін атқарушы:

«КӨКТЕМ ЛЕБИ СЕЗІЛІП, ҚАРДЫҢ КҮРТ ЕРҮІ БАЙҚАЛУДА. СОНДЫҚТАН ҚАР ШЫҒАРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. АЙТА КЕТЕРЛІГІ, ЖҰМЫЛА КІРСҮДІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ СТАНЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАР МЕН БАРЛЫҚ БАҒЫТТАМА БҰРМАЛАР БОЙЫ ТОЛЫҚТАЙ ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ. КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚИНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДА ЖЕРГІЛІК ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ӨНІРДЕ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА ТҮР

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ҚАҢТАРДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

2,8 млн ТОННАҒА ЖЕТТІ.

БИЫЛ «ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС-ДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БҰЗЫЛУЫ

11 ПАЙЫЗ АЗАЙДЫ.

2024 ЖЫЛЫ КОНТЕЙНЕРЛІК ТРАНЗИТ

8,8%

ӨСКЕН.

### Сервис

## СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ МЕ?

Бүгінгі таңда Түркістан облысының аумағында Қазақстан темір жолына қарасты 9 вокзал бар болса, оның екеуі жергілікті әкімдік қарамағына берілген. Соның бірі – бүгінде сенімгерлік басқару негізінде халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан Түркістан вокзалы.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,  
Шымкент

Ғасырдан астам тарихы бар көнегіз көзі саналатын Түркістан вокзалы 2020 жылдың қаңтар айында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясынан қала әкімдігінің қарамағына берілген. Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Нұрғиса Пошанов қазіргі кезде әкімдік пен жекеменшік компания заң аясында өзара келісімшартты псықтап, тиісті деңгейде жұмыс жүргізіп жатқанын мәлімдеді. Демек, іргетасы 1904 жылы қаланған көне ғимарат сенімгерлік басқару аясында заманауи талапқа сай тиісті жөндеуден өткізіліп, жолаушылар қажетіне жарап келеді.

Қазіргі кезде бас ғимарат пен екі

жолаушылар платформасы және сауда құрылымдары мен вокзал алаңы сынды жалпы аумағы 876 шаршы метр нысан 10 жылға жалға берілгенімен, негізгі қызметті түркістандық теміржолшылар іске асырады. Марат Мырзақұлов жетекшілік ететін ұжымда Ұлттық компанияның 18 қызметкері еңбек етеді. Олардың бірі басы да, басқасы қосшы. Жолаушыларды құрметпен күтіп алып, ізетпен шығарып салып, тиісті сервистік қызметтерді көрсетіп отырған қауіпсіздікті де қамтамасыз етеді.

– Нысан сенімгерлік басқаруда болғанмен, жолаушылар қызметі бұрынғыша біздің міндетіміз болып қала береді. Жолаушылар қызмет көрсетіп, олардың жайлылығы мен қауіпсіздігі тиісті деңгейде қамтамасыз етіледі, – дейді вокзал



бастығы Марат Әмірұлы.

Вокзал көне болғанымен, сүйегі мықты ғимарат барлық талапқа сай, жолаушыларға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың емін-еркін кедегісіз жүріп-тұруына жайлы жағдай ұйымдастырылған. Ғимаратқа көтерілетін баспадақ жанынан ыңғайлы пандус қойылып, күту залында арнайы белгіленген орындар да жасалған. Ал анықтама бөлімінде құлағының мүкісі бар жандарға қажетті дыбыстық аппараттар да қамтамасыз етілген.

Түркістан станциясына тәулігіне 18 жұп пойыз келіп-кетіп жатады. Вокзал ғимаратының орташа тәуліктік жолаушы айналым көрсеткіші 800-1000 адамды құрайды. Сала мамандарының түсіндіруінше,

вокзал ғимараттарын жергілікті әкімдіктермен келісе отырып, сенімгерлік басқаруға беру Ұлттық компания үшін тиімді. Өйткені кез келген ғимаратты жыл он екі бойы күтіп-баптап, қалыпты жағдайда ұстап тұру қыруар қаржы екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыдағыдай әдіспен жұмыс жүргізу техникалық жағынан оңтайлы. Сонымен қатар сенімгерлік басқару есебінен жергілікті жерде шағын және орта кәсіп дамып, өрістей түседі. Ал тараптарды өзара ымыраға келтіріп, жан-жақты дамуды үйлестіруді көздеген әкімдік үшін де бұл жоба тиімді болып табылары сөзсіз. Тек сенімгерлік басқару сапалы қызметтен айналысып деп тілейік.

Суретті түсірген автор

### ВЗАИМНЫЙ ИНТЕРЕС



Возможность привлечения французских компаний к развитию логистической инфраструктуры в рамках ТМТМ обсудили на встрече министра транспорта РК Марата Карабаева с Чрезвычайным и Полномочным Послом Франции в Казахстане Сильваном Гюго.

Стороны обсудили потенциал сотрудничества в сфере транспортной инфраструктуры и логистики. Особое внимание было уделено развитию транспортных маршрутов, способствующих укреплению экономических связей и улучшению торгового-экономического взаимодействия между Казахстаном и Францией.

В частности, речь зашла о совершенствовании логистической инфраструктуры в рамках Транскаспийского международного транспортного маршрута и возможности привлечения французских компаний. Совместные усилия будут способствовать преобразованию маршрута в современный, конкурентоспособный и устойчивый транспортный коридор, который обеспечит эффективное соединение Европы и Центральной Азии.

По итогам встречи участники выразили готовность к дальнейшему углублению сотрудничества в этой области.

Любовь РОВБА

## ДЕКЛАРАЦИЯ ENS ДЛЯ ПЕРЕВОЗОК В ЕС

С 1 апреля 2025 года таможенная система Европейского союза потребует от железнодорожных перевозчиков предоставлять данные о грузах до их прибытия в ЕС с помощью полной декларации Entry Summary Declaration (ENS).

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,  
Астана

Перевозчиков обяжут соблюдать требования системы Евросоюза по обеспечению раннего контроля безопасности и защиты товара, отправляемого в ЕС или транзитом через ЕС, до его прибытия на таможенные пункты – Системы контроля импорта-2 (Import Control System 2, ICS2).

Железнодорожный перевозчик будет нести юридическую ответственность за качество

данных ввозной таможенной декларации ENS, поданной через систему ICS2. Декларация каждого товара до его прибытия на территорию союза должна быть заполнена полностью и правильно.

ENS будет содержать подробную информацию о безопасности перевозимых грузов, включая полное торговое описание, шестизначный товарный код HS6 и дополнительные сведения (к примеру, о покупателе и продавце). Таким образом, перевозчик должен получить необходимые данные из всех внутренних

транспортных документов/накладных от выдавших их экспедиторов (например, базирующихся в Китае) и других участвующих внутренних регистраторов (экспортёров, грузополучателей из ЕС и т.п.).

Экономическим операторам, которые не будут готовы к этой дате, необходимо связаться с Национальной службой поддержки государства – члена ЕС, в котором они зарегистрированы и получили номер EORI, чтобы запросить окно внедрения до 1 марта 2025 года включительно. Окна

внедрения предоставляются только по запросу.

Стоит отметить, что требования ICS2 в том числе касаются почтовых и экспресс-перевозчиков, а также таких отраслей, как логистика. Например, грузоотправители и грузополучатели, зарегистрированные в ЕС, тоже должны будут подавать ENS-данные в ICS2. Аналогичные правила и требования безопасности распространяются на перевозку грузов железнодорожным, морским и воздушным транспортом.

Для соблюдения требований ICS2 всем затронутым компаниям необходимо убедиться, что они собирают и обрабатывают данные от своих клиентов, а также устанавливают подходящие договоренности. Они также должны обеспечить соответствие своих IT-решений этим новым требованиям, доказав успешное прохождение обязательного тестирования системы, сообщили в Ассоциации ТМТМ.

## КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана



Астана қаласында кәсіподақтың Орталық кеңесінің отырысы өтті. Отырысқа «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ омбудсмені Қанат Әлмағамбетов, кәсіподақ филиалдарының басшылары және кәсіподақ Орталық кеңесінің өңірлік өкілдері қатысты.



Кеңес барысында кәсіподақтың ағымдағы қызметі туралы есебі тыңдалып, кәсіподақтың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар қабылданды. Алдағы теміржол саладағы кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығын мерекелеу аясындағы іс-шаралар талқыға салынып, бірқатар мәселелерге назар аударылды. Естелік медаль мен мерекелік дата логотипінің жобалары қаралып, бекітілді.

Отырыс қарсаңында Кәсіподақ Орталық кеңесінің атқару комитеті 2024 жылғы қаржылық есептерді қабылдап, Орталық кеңес пен филиалдардың 2025 жылға арналған бюджеттерін бекітті.

Суретті түсірген автор

## АУҚЫМДЫ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

**Ұлан ОРАЗ,**  
Астана



Маңғыстау темір жолы бойынша биылғы жылы жөндеудің барлық түрімен шамамен 125 км жол қамтылады деп жоспарланып отыр.

Тоқталып өтсек, Сай-Өтес – 7-ші бекет аралығындағы 15,7 км теміржол төсемі күрделі жөндеуден өтеді. Сондай-ақ ұзындығы 23,3 км станциялық жолдарды күшейтілген-орташа жөндеу, бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жоспарланады.

ПРСМ жол рельсті дәнекерлеу машиналарының көмегімен түйіспесіз жолдағы ақаулы жерлер жойылады. РМ және DUOMAT машиналарын қолдана отырып, ластанған балласты тазартып, Бейнеу – Тассай, Бейнеу – Сай-Өтес аралықтарында түзету және тегістеу жүргізіледі.

Сонымен қатар жазғы жол жұмыстары аясында маңғыстаулық теміржолшылар 450 км жолды жөндеп, 107 км мал қоршауын салады.

## ИНСПЕКТОРЛАР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл



«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл бөлімшесі филиалына қарасты төрт кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі бойынша өндірістік кеңес жұмыс істейді.

Бөлімшеден басқа вагон және локомотив деполарында құрылған кеңесте сайланған 28 техникалық инспектор әр тоқсан сайын телеграф арқылы келген нұсқаулықтарға сәйкес тексеру жүргізіп отырады.

Техникалық инспекторлар былтырғы жылы жалпы 82 зерделеу жұмыстарын жүргізіп, еңбекті қорғау бойынша 83 өндірістік ескерту берген болатын. Бүгінге дейін барлық анықталған кемшіліктер жойылып, қауіпсіздікті сақтауға қатысты тиісті іс-шаралар қолға алынды.

Теміржолшылардың еңбек қауіпсіздігі әрқашан басты назарда. Сондықтан филиалға қарасты кәсіпорын басшылары мен мамандары еңбекті қорғау мәселелері бойынша арнайы оқуға жіберіліп тұрады. Былтыр Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде жалпы саны 115 қызметкер біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

– Жұмысшы үшін қауіпсіз әрі қолайлы еңбек ортасын қалыптастыру – біздің негізгі міндеттеріміздің бірі. Жамбыл бөлімшесінде қауіпсіз еңбек тәсілдерін көрсету мақсатында қауіптілігі жоғары аймақтағы қызметкерлер арасында өткізілетін техникалық және практикалық сабақтар жоспары бекітілген. Биылғы алғашқы тоқсанға да белгіленген. Өткен жылы еңбек қауіпсіздігіне арналған 26 тәжірибелік дәріс өткізіліп, Жамбыл вагон пайдалану депосының 590 қызметкері қатысты. Біз барлық құрылымдық бөлімшелерде қызметкерлерге өмір мен денсаулыққа қауіпті жұмысты орындамауға құқығы бар екенін жеткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Ал демалыс күндері төтенше жағдайлар, апаттар және тағы басқа жұмысқа шыққан жағдайда «жедел бұйрықтар» үшін журналдар ашылған. Былтыр ақпан айында «Ерекше жұмыстарға тарту туралы» бұйрық шығарылып, «Вагон пайдалану депосының қызметкерлерін негізгі қызмет орнынан тыс жерде жұмыстарды орындауға тарту қағидалары бойынша регламент» әзірленді. Жол берілген жазатайым оқиғаға байланысты қауіптер мен тәуекелдердің қолданыстағы тізіліміне толықтырулар енгізілді, – дейді «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Айдын Сеитбенбетов.



## ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖОЛШЫ БІЛЕР

Биылғы жылы құрылғанына 110 жыл толатын Семей теміржолында кәсіби мамандардың үлкен шоғыры қалыптасқан. Солардың арасында жол саласында 30 жылдан бері табан аудармастан еңбек етіп, мінсіз қызметімен мерейге бөленіп келе жатқан Нұрлыбек Жулупбаев туралы әріптестерінің айтары көп.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



Бүгінде Семей жол дистанциясында жол шебері-жол бригадирі қызметін атқаратын Нұрлыбек Төлеубекұлы дәл осы дистанцияда, осынау околдқада қатардағы жолшы болып еңбек жолын бастапты. Соңғы 20 жыл бойы жол шебері, бригадирі болып еңбек етуде.

– Нұрлыбекті алғаш жұмысқа қабылданған күннен бастап білемін. Екеуіміздің жолымыз түйіскен жылдар көп болды. Нағыз майталман маман деуге лайық азамат. 2007 жылдан бастап аға жұмысшы, жол шебері бола отырып, Семей станциясының солтүстік мойнағының үздіксіз жұмысын

қамтамасыз етуде. Ол өз қарамағындағы бригадамен бірге магистральдық және қабылдау-жөнелту жолдарындағы 53 бағыттама бұрмаға қызмет көрсетеді. Бұл – біздің дистанция бойынша ең жауапты телім, – дейді бұл орайда әріптесі жайлы пікір білдірген ПЧ-39 мекемесінің директоры, Құрметті теміржолшы Рахат Ботаспаев.

Бір околдқада 30 жыл қызмет істеу осындағы жұмыстарды бүге-шігесіне дейін білуге мүмкіндік беретіні белгілі. Бұл ретте Нұрлыбек Төлеубекұлы уақытпен санаспай қызмет етеді. Жол шаруашылығының қыр-сырын, әдіс-тәсілін толық меңгерген.

Дистанциядағы кез келген жұмысты бір өзі атқарып кете беретін әмбебаптығы да бар. Нұрлыбектің әсіресе жол машиналарының «құлағында ойнайтын» өнері барша әріптестерін тәнті етеді.

– Бүгін түнде станциялық жолдарды қардан тазаладық. СМ-2 қар тазалағыш машинасымен 69-шы, 50-51-ші жолдар ақ ұлпадан аршылды. Бір түнде 500 текше метр болатын қар шығарылды. Биыл өңірімізде қатты аяз болмағанымен қалың қар біршама қиындық туғызып тұр, – дейді жол машинасынан түскен Нұрлыбек.

Табиғаты қатаң Семей өңірінде қысқы мезгілдегі жол күтімі оңай шаруа емес. Нұрлыбек бастаған жол бригадасы өз қарамағындағы бағыттамалы бұрмаларды қар мен мұздан уақытлы тазартумен қатар, кей кездері пневмоүрлегіштер тәулiк бойы жұмыс істеп тұрады.

– Пойыз қозғалысында кедергі туындамауы үшін бұл жұмыстың маңызы зор. ЭЦ автоматика болғандықтан үнемі қозғалыста болуы тиіс. Біздің телім бойынша жүк пойыздарының ағыны көп. Жылжымалы құрамдарды тоқтатпау – басты міндетіміз, – дейді Нұрлыбек Төлеубекұлы. Иә, жолдың жайын жолшы білмегенде кім білсін?!

Адал еңбек, мінсіз қызметі үшін көптеген марапаттар иеленіп, мерейге бөленіп келе жатқан майталман жолшының кейінгі буын жастарға берер үлгісі де, өнегесі де мол. Биылғы жұмысшы жылында Семей магистральдық жел бөлімшесі тәжірибелі жолшының еңбектегі жолын жаңа толқыңға үлгі етуде.

Суретті түсірген автор

## ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ КӨЗДЕЛЕДІ



Ақпан айының 17-28 аралығында Қызылорда бөлімшесінде «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өтуде. Аймақтың солтүстігіндегі Сексеуіл, Қазалы, Жосалы станцияларында басталып, оңтүстікке ойысқан курс мақсаты теміржолшылардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру болмақ.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЦБТ бас менеджері Бибігүл Нәдірбекова, ішкі тренер, ЦБТ менеджер Ақназар Мүтәліпов, Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің тренери Шеге Зейнекеннің жетекшілігімен өтіп жатқан көшпелі курс тыңдаушылары – жергілікті теміржол мекемелерінің жұмысшылары мен қызметкерлері. Курсқа Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов, Қызылорда ЖТ бөлімшесінің Қауіпсіздік және еңбек қорғау, экология бөлімінің басшысы Ғалия Көпжасарова, станциялардағы мекеме басшылары мен еңбек қорғау бөлімінің мамандары да қатысып, білімдерін шыңдады.

Тренерлер теміржолшыларға «Қауіпсіздік мәдениеті» бойынша кеңінен түсінік беріп, олардың жұмыс орындарында кездесетін қауіп-қатерлердің алдын алу мен қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында дәріс оқыды. Теміржолшыларға жұмыс барысында кездесетін түрлі қауіптер, қауіпсіздік ережелері мен нормалары туралы жан-жақты ақпарат берілді. Теміржолшылардың жұмысы жауапты және қауіпті болғандықтан, олардың құқықтары мен міндеттері егжей-тегжейлі түсіндірілді. Жұмысшылардың жауапкершілігін арттыру мен қауіпсіздік мәдениетін нығайту әсіресе шағын станцияларда, жұмысшы құрамының аздығы жағдайында өте маңызды екені сөз болды.

Мәселен Қаракеткен, Қараөзек, Жалағаш, Тереңөзек, Бөйгекүм және Тартоғай сияқты шағын станцияларда толаскөз, жол жөндеу жұмыстары кезінде жұмысшылардың жетіспеушілігі байқалатыны, пойыз құрастырушы мен вагон қараушының түнгі ауысымдарда тапшылығы, т.б. жағдайларда қауіпсіздік мәдениетін арттыру қажеттілігі туындайтыны курста талқыға салынды.

Сонымен қатар техникалық қауіпсіздік пен еңбек заңнамаларына қоса, теміржолшылар арасында туындайтын психологиялық қысым мәселелері де талқыланды. Пойыз құрастырушының жұмысына кедергі келтіру, уақытын қысқарту сияқты стресс пен қысымның еңбек қауіпсіздігіне тікелей әсер етуі жайлы арнайы кеңестер берілді. Тренерлер бейнебаян, сызбалы кесте, бейнелі сауал, көрнекілік ақпараттары арқылы қауіпсіздік мәдениетінің сақталуын және өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, тыңдау-

шыларға практикалық кеңестер ұсынды.

– Теміржолшылардың арасында туындайтын психологиялық қысым мәселесіне келсек, мысалы пойыз құрастырушының жұмысына белсенді түрде кедергі келтіру, уақытын мазалап асықтыру, еңбек қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін факторлар. Теміржолшыларға жұмыс процесінде стресс пен қысыммен қалай жұмыс істеу керектігі туралы практикалық кеңестер берілді. Тренерлер арнайы дайындаған бейнематериалдарында еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің сақталуын назарға ұсынып, өздерінің іс-тәжірибелерінен көптеген мысал келтіріп түсіндірді.

Курс осы аптаның соңына дейін Шиелі және Жаңақорған станцияларында жалғасып, аптаның соңғы күні Қызылорда станциясында қорытындыланатын болады, – деді инженер Ғалия Көпжасарова.

Суретті түсірген автор

## ҚОЙМАДАН ӨРТ ШЫҚТЫ...



Дизель отынын сақтайтын резервуар әп-сәтте қызыл жалынға оранды. Өрттің қалаға тарау қаупі бар. Осындай сценариймен басталған оқу-жаттығу өрт сөндіру пойызының дайындығын пысықтады.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



Ақтөбе станциясында ұйымдастырылған кешенді оқу-жаттығу шарасы шынайылыққа жақын өтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты өрт сөндіру пойызы мен өртке қарсы бөлім қызметкерлері жоғары дайындықтарын көрсеткен шарада сценарий бойынша Отын ресурстық орталығынан өрт шықты. Жанар-жағармай қоймасында техникалық қауіпсіздік сақталмаған. РБС-2000М3 дизель отынын сақтайтын резервуар отқа оранып, жалынды бірін-

ші болып байқаған жергілікті тұрғындар 101 қызметіне хабарлайды. Қоңырауды қалалық горнозона өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметінің диспетчерлері қабылдап, оқиға орнына МӨСБ-2 АЦ-5-40, АЛ-50, ЦМК-3 техникалары мен өрт сөндіру пойызы жіберілді. Қойма елдімекенге жақын орналасқандықтан өрттің таралу қаупі жоғары болды. Шұғыл әрі

тактикалық әрекеттің арқасында жалын лезде ауыздықталып, қойма аумағы залалсыздандырылды.

Ақтөбе өрт сөндіру пойызының бастығы Бауыржан Файзолла кешенді оқу-жаттығу шарасын өзі бақылады. Жеке құрамнан 17 адам қатысты. Оқиға кезінде газдан уланған қызметкер шұғыл далалық емханаға жеткізілді. Улы газ ауаға тарап, елдімекен тұрғындарына зиян келтірмес үшін арнайы көбік қолданылды. Осылайша, тапсырма тиянақты, шапшаң әрі сауатты қимылдың арқасында сәтті аяқталды.

«Тактикалық оқу-жаттығу жоғары деңгейде өтті. Өрт сөндіру бойынша жергілікті қызмет өкілдері бірлесіп, дайындық пысықталды. Өрт сөндіру кезінде су және бүрікпе көбік пайдаланылды. Барынша шынайы өткен жаттығу апаттық жағдай орын алған жағдайды жұмыс істеуге жеңіл болады. Себебі әр қимыл маңызды», – деді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Темірбек Елғоңды. Суреттерді түсірген автор

## Паводок

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ ПОДХОД

Алматинские железнодорожники заранее готовятся к пропуску талых вод, чтобы обеспечить бесперебойное движение поездов и предотвратить возможные подтопления. С этой целью в регионе сформировано пять противоразмывных поездов на станциях Актогай, Бесколь, Айнабулак, Алматы-1 и Алтынколь.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

В составе противоразмывных поездов имеются 38 вагонов, грузенных инструментами, инвентарем и материалами, платформы с бугорным камнем, некондиционными железобетонными шпалами и рельсовыми пакетами.

Вдоль железнодорожной магистрали расположены 74 паводковоопасных участка в Актогайской, Достыкской, Ушгобинской, Алматинской и Алтынкольской дистанции пути. Эти места находятся под особым контролем специалистов. Для предотвращения возможных подтоплений и обеспечения безопасности движения регулярно очищаются водоотводные сооружения, укрепляются на-

сыпи и осуществляется мониторинг состояния пути. Проводится проверка потенциально опасных мест руководителями дистанции пути, а машинисты поездов сообщают о малейшем скоплении воды.

На территории Алматинского отделения расположены 18 плотин и водохранилищ, находящихся выше железнодорожного полотна. В рамках подготовки к пропуску паводковых вод проведена всесторонняя проверка всех гидротехнических сооружений, включая шлюзы гидрозловов и объемы наполнения водохранилищ. По итогам работы оформлены акты проверок.

Стоит отметить, что фактический объем наполнения водохранилищ не превышает установленного максимального уровня накопления. Кроме того, ведется работа



по очистке от льда и мусора мостов, труб, кюветов и нагорных канав.

По Алматинскому отделению магистральной сети в целях контроля над проходом паводковых вод практикуются дополнительные обходы, объезды и круглосуточные дежурства руководителей среднего звена дистанции пути, сигнализации и связи и электроснабжения. На случай нестандартной ситуации всегда поддерживается связь с ДЧС районов и ДЧС Алматинской, и Жетысуской областей.

Фото автора

## РАННЯЯ ВЕСНА – БОЛЬШЕ ЗАБОТ

В Карагандинском регионе проведена проверка готовности к предстоящему паводковому периоду.

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

В состав комиссии вошли заместитель Премьер-министра Канат Бозумбаев, аким области Ермаганбет Булекпаев, министр ДЧС Чингис Аринов и другие.

В осмотр территорий, подверженных паводку, также вошли железнодорожные станции, участки и узлы.

На сегодняшний день проведено около 180 профилактических мероприятий, направленных на водоборьбу. В первых числах марта ожидается введение режима повышенной готовности.

Комиссией были обследованы населенные пункты Абайского, Шетского, Бухар-Жырауского районов. В этих местах дислоцируются станции Карабас, Топар, Жыланды, Акадыр, Мойынты, Караганозек, Ботакара и другие. Кроме того, были осмотрены русла рек Нуры и Шерубай-

Нуры, Самаркандское и Шерубай-Нуруинское водохранилища.

В настоящее время взяты на особый контроль 150 населенных пунктов, 217 водохозяйственных сооружений. В целом ситуация в регионе стабильная, реки находятся в зимнем режиме, уровни вод низкие и наблюдается маловодность.

По словам главного ревизора департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбека Альмуразаева, профилактические действия в регионе начаты заблаговременно.

– Согласно плану инженерных работ, возведено и укреплено 65 километров защитных дамб и валов, проведены санационные работы более 18 километров паводковоопасных участков русел рек, подлежали очистке 26 километров дренажных и водоотводных систем. Также сделаны значительные запасы горюче-смазочных материалов, инертного материала и со-

ответственно мешкотары, – рассказывает он. – За прошедший зимний период было вывезено более миллиона кубометров снега. В настоящее время осуществляются нарезка водоотводящих траншей, очистка каналов и арыков, водопропускных труб.

Ситуацию контролируют люди и техника. В области разработаны организационно-технические мероприятия, гарантирующие сохранность и устойчивую работу пути, искусственных сооружений, земляного полотна в период водоборьбы.

– В настоящее время утвержден план мероприятий по подготовке пути и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод, при этом их согласование производилось в установленном порядке с отделением магистральной сети, – продолжает разговор Булатбек Альмуразаев. – До начала апреля подлежат укомплектованию противоразмывные поезда, будут назначены начальники поездов, приведены в полную боевую готовность такие транспортные средства, как дрезины, МПТ, АГД, АС, ДГКу, автомашины и автотракторная техника.

## ИТОГИ ПОДВЕДЕНЫ, ПЛАНЫ УТВЕРЖДЕННЫ



СОВЕЩАНИЕ

На станции Илецк-1 состоялось узловое совещание с участием ревизоров департамента безопасности движения по Уральскому участку, на котором прозвучали итоги работы Илецкого железнодорожного узла и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» за 2024 год, а также итоги ревизорской проверки, проходившей 25-26 февраля.

**Марьяна ПЕРВУШИНА,**  
Илецк

Директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» Дауит Ниязбаев ознакомил собравшихся работников с состоянием безопасности движения за 2024 год. Он отметил, что в планы работы филиала на 2025 год, согласно проекту «Развитие станции Илецк-1», входит дальнейшее развитие инфраструктуры участка Илецк-1 – Жайсан для беспрепятственного пропуска грузопотока на Центральную Азию через пункт перехода на станции Илецк – до 16 пар поездов ежесуточно.

– На сегодняшний день произведено обустройство ограждения станции Илецк-1 по всему периметру в пределах пункта пропуска. На стадии подготовки находится проектно-сметная документация (ПСД) на установку видеонаблюдения и освещения



в пункте пропуска, – рассказал Дауит Жаришович.

В докладе спикера была упомянута и тема социальной стабильности компании. В частности, из 825 работников филиала «Грузовые перевозки – Илецк» опрос по рейтингу социальной стабильности за 2024 год прошли 150 человек, по результатам индекс составил 84%, что сви-

детельствует о высоком уровне социальной стабильности.

В своем выступлении главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке Руслан Давлетов отметил, что Илецкий железнодорожный узел за 2024 год не допустил нарушений безопасности движения по вине

работников узла, и в целом Уральский участок год отработал с хорошими показателями.

– За прошедший год филиалом АО «НК «КТЖ» – «Илецкий железнодорожный участок» выполнены все запланированные работы по верхнему строению пути. В рамках реализации проекта «Развитие станции Илецк-1» произведены работы по удлинению 3-го и 4-го приемно-отправочных путей, – подчеркнул директор ИЖУ Артур Юсупов.

По окончании совещания был намечен ряд мероприятий, направленных на развитие культуры безопасности движения. В том числе обучение и повышение квалификации работников, обновление и продление срока эксплуатации локомотивного парка, внедрение техники нового поколения, проведение профилактических месячников по безопасности движения.

Фото Рамили НУРЖАУОВОЙ

## МАСШТАБНОЕ ОБНОВЛЕНИЕ



РЕМОНТ ПУТИ

В этом году порядка 200 километров железнодорожного полотна ждет масштабная реконструкция. Один из больших проектов Павлодарского отделения магистральной сети – нечетный путь перегона Еркеншилик – Едыге.

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар

По информации начальника отдела технического обслуживания и ремонта Болат Тайлакова, по филиалу запланирован капитальный ремонт в объеме 59,290 километра пути, в том числе по нечетному пути перегона Еркеншилик – Едыге в объеме 27,67

километра, Сороковая – Сары-Оба – 14,84, на однопутном участке Аксу-1, Аксу-2 в объеме 12,7, Спутник – Бастау – 4,06 километра. На станциях Екибастуз – Северный-1 и Екибастуз – Северный-2 будет проведен усиленный средний ремонт, общая протяженность реконструкции составит 5,26 километра. Кроме того, заменят рельсовые опоры с укладкой ж/б шпал с при-

менением машины СМД-80 по нечетному пути перегона ОП-116 – Шидерты.

– Для улучшения состояния пути машинами тяжелого типа запланирована глубокая вырезка загрязненного балласта с применением машины RM в объеме 43,3 километра, выправка и подбивка пути с применением комплекса машин DM, DGS, PBR 66 километров, рихтовка пути с применением машины ПРБ 48,3 километра и другие. Сплошная смена стрелочных переводов с железобетонными брусками в объеме 70 комплектов, – говорит Болат Тайлаков. – Для обеспечения безопасности движения поездов установим изгороди от выхода скота на путь в объеме 88,7 километра, в прошлом году построили 57,1 километра.

В вопросе улучшения санитарно-бытовых условий работников путевого хозяйства запланировано обновление 16 модульных зданий для отдыха работников.

## Профилактика

### ПОВТОРИТЬ – ЖИЗНЬ СОХРАНИТЬ

**Анна МАРЬИНА,**  
Уральск

Совместная с линейным отделом полиции по станции Уральск профилактическая работа со школьниками продолжается. В этот раз организатором двухдневного рейда безопасности по прилегающим к железной дороге школам стала Уральская дистанция пути.



В рейде в рамках оперативно-профилактического мероприятия «Безопасная дорога» приняли участие старший инспектор группы по профилактике правонарушений линейного отдела полиции на станции Уральск майор полиции Владимир Федун, ведущий инженер технического отдела Уральской дистанции пути Арман Раушанов, техник Милат Муханов и охранник ВЖДО Алексей Чернозубов.

Они побывали в средних школах № 14 (станция Жилаево), № 41, 44, 28 и 26 (станция Уральск), где провели беседы на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» с учащимися среднего и старшего звена, то есть самого протестного и «самостоятельного» возраста. Они привели массу примеров из жизни, которые закончились для юных экстремалов трагически. Чаще всего травмируются зацеперы и любители экстремальных селфи на крышах вагонов идущего поезда. Речь шла об опасности для жизни и здоровья, а также о правовых последствиях для несовершеннолетних нарушителей правил поведения на железной дороге и их родителей.

В общей сложности профилактическими беседами было охвачено более 430 школьников. Им раздавали памятки и проводили блиц-опросы для закрепления информации. Участники рейда отметили, что готовы неоднократно повторять такие беседы со школьниками, лишь бы дети усвоили правила личной безопасности ради сохранения здоровья и жизни.

Фото автора

### КОГДА ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА НЕ ОПАСНА

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Профилактическую работу по правилам нахождения на железнодорожных путях провели представители Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) среди учащихся Усть-Каменогорска.



– Совместно с инструктором по обучению, председателем цехового комитета депо Медетом Мекебаевым мы проводили со школьниками беседы, стараясь доступно преподнести материал, – рассказала инженер по технике безопасности ТЧЭ-22 Аяулым Маратқызы. – Объясняли им: если человек ступил на шпалы, то этот шаг может оказаться роковым, последним. Но железные дороги не опасны для тех, кто соблюдает элементарные требования личной безопасности, строго выполняет все правила и законы, действующие на железнодорожном транспорте, ведет себя внимательно, осторожно, дисциплинированно.

По информации Медета Мекебаева, они раздали школьникам памятки «Железная дорога – зона повышенной опасности», которые были разработаны специально для детей. В них содержится упоминания, как вести себя, что нельзя делать и как поступать несовершеннолетним, если они стали свидетелями какой-то рискованной ситуации. А именно, необходимо сообщить об этом взрослым, в экстренные службы.

Профилактику наездов среди населения, включая школьников, студентов, в Оскеменском регионе проводят в соответствии с телефонограммой за подписью заместителя председателя правления АО «НК «КТЖ» Талгата Алдыбергенова. В рамках этого задания организованы рейды и акции совместно с ЛЮП, ВЖДО на наиболее опасных участках, проводится ревизия предупреждающих знаков и аншлагов, при объездах в локомотивах особое внимание уделяется видимости пешеходных переходов, железнодорожных переездов, ограждающих знаков. С работниками станции проводят разъяснительную работу о необходимости оповещения по громкоговорящей связи при проходе подвижного состава.

Фото Аяулым МАРАТҚЫЗЫ

№15 (3054) 28/02/2025



## ОСМОТРИК ВАГОНОВ – ФИГУРА КЛЮЧЕВАЯ



Есть такая работа – осмотрщик вагонов. И если человек этим занимается уже более 30 лет, а за его плечами тысячи этих самых вагонов, это говорит о многом. Айман Джумадилова работает осмотрщиком вагонов в Астанинском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-8) уже 33 года. Только за одну смену она простукивает молотком около тысячи вагонов для поиска дефектов. По ее словам, у каждой детали – свой звук и свои особенности. Поэтому свою работу она считает одной из самых «музыкальных» железнодорожных профессий.

Столичное вагонное депо – одно из градообразующих предприятий и является структурным подразделением филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмоллинское отделение ГП». Поэтому регламент работы здесь очень строгий. В сутки на станцию прибывает 25-30 составов, каждый из которых состоит из 50, 75 и 100 вагонов. Поэтому за смену Айман Джумадиловой надо осмотреть около тысячи вагонов и пройти более 25 километров пути. Проверяется ходовая часть, кузов, тормозное, автосцепное оборудование. При этом всю работу надо выполнять точно и в срок. Ведь осмотрщик вагонов отвечает за

исправность подвижного состава и безопасность движения.

– Вообще, осмотрщик вагонов является мужской профессией, ведь это очень ответственная и сложная работа. Заступая на смену, мы в первую очередь проводим медосмотр, инструктаж и лишь потом выходим в парк, где встречаем поезд, выявляем неисправности, ремонтируем и только после этого отправляем составы в дальнейший путь. Волнуюсь за каждый поезд: важно, чтобы благополучно доехал до нужного места, – отмечает Айман Джумадилова. – Я работаю при любых погодных условиях без остановок: и в сильные бураны,

и во время ливней, и в палящую жару. Зимой замерзают и выходят из строя многие части вагонов, от этого бывает много хлопот.

По образованию Айман Джумадилова – бухгалтер. Но решила пойти по стопам отца, который работал дежурным по вокзалу в Новосибирске. Сначала она трудилась экипировщиком рефрижераторных секций – управляла вагоны соляркой и водой. Позже прошла обучение и перевелась на осмотрачка вагонов.

– Все мои коллеги – мужчины. Никто и никогда не относился ко мне пренебрежительно, да и поблажек не было. Во время смены при выявлении неисправности

приходится отцеплять вагоны для ремонта в железнодорожных депо, и я докладываю оператору о состоянии каждого проходящего поезда. Сколько бы ни говорили про слабый пол, женщины очень сильные и выносливые, – подчеркивает Айман Джумадилова.

На первый взгляд труд осмотращика вагонов кажется монотонным. На самом деле часто приходится сталкиваться с нестандартными ситуациями. Но настоящей знаток своего дела тем и отличается от новичка, что неожиданностей для него не может быть.

Руслан РАХМЕТОВ

Фото Александра ЖАБЧУКА

## «АДАЙ» КҮЙІН ОРЫНДАДЫ

№25/26 «Шымкент-Алматы» пой-зының жолаушылары ерекше музыкалық сәттің куәсі болды. Пойыз жолсерігі «Қарақат» студиясының тәрбиеленушілерімен бірге аңызға айналған «Адай» күйін орындады.

Белгілі болғандай, «Қарақат» студиясының талантты шәкірттері Алматыда өтетін беделді «JorgaFest» байқауына қатысуға жол тартқан екен. Бұл фестиваль – еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған үздік орындаушыларды біріктіретін маңызды шара.

Жолсерік те өнерден қаралақан емес, бала кезінен домбырамен ән салып, күй шертіп өскен жас. Ұлттық өнерге қызығушылық танытып, әсіресе қазақтың жаны іспетті домбыраны ерекше қастерлейтін ол жас жолаушылардың өнерін көріп қызығып кетіп қатарларына қосылып бір күй орындағандарын, жолаушылар риза болғанын, бәрінен бұрын жас орындаушылардың ата дәстүрдің жалғастырып келе жатқанына ерекше қуанғанын жеткізді.

Ұлан ОРАЗ

Түркістанда теміржолшылардың басқосуы өтіп, сала еңбеккерлеріне компания тарапынан жасалып отырған жағдай, әлеуметтік төлемдер тәртібі мен талаптары кеңінен түсіндіру арқылы әлеуметтік тұрақтылыққа қолжеткізудің тетіктері талқыланды.

## ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ТӘРТІБІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Станция ғимаратында өткен жиынға өңірдегі ПЧ, ШЧ, ЭЧ мекемелерінің қатардағы жұмысшылары қатысып, оларға жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жиында Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің кадр бөлімінің басшысы Балжан Назарова мен жалақы есептеу бөлімінің басшысы Ерлан Қорыспаев және бөлімшенің еңбек қорғау секторының басшысы Ерлан Серперов сөз алып, теміржолшылардың сұрақ-сауалдарына жауап берді. Жиында теміржолшыларға ұсынылып жатқан жеңілдіктер мен түрлі әлеуметтік көмектер, жақындан бөлек, быылдан бастап енгізіліп отырған қосымша сыйақы берудің негізгі тәртіптері, оған қоса жұмысшыларды марапаттау арқылы ынталандыру тетіктері кеңінен түсіндірілді.

– Айталық, егер қызметкер компанияда 10 жыл бойы үздіксіз еңбек еткен болса, оған жылына бір рет жалақыдан бөлек қаржылай сыйақы тағайындалып, арнайы

төсбелгімен марапатталады. Ал еңбек өтілі әрбір он жылға көбейген сайын көрсетілген сый-құрмет көлемі де екі еселене түседі, – деді Е.Серперов.

Сол сияқты жиында жақын қашықтықтағы мекемелерге іссапармен барған азаматтарға жолсапар шығынын өтеу мен оларға берілетін арнайы киімдердің сапасы да тақырыптан тыс қалмады. Жалпы, онүстік өңір қысы жайлы, жазы ыстық өңір болғандықтан, жұқа матадан тігілген арнайы киімге ауысу мәселесі де талқыланды.

Жалпы, Түркістан облысындағы теміржол мекемелерінің салаға жауапты жетекшілері жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша мұндай басқосударды тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. Онда еңбек заңнамасының сақталуы мен ұжымдық шарт талаптарының орындалуы жіті назарға алынады.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент

## Спорт

## ЛУЧШИЙ В ТРЕЙЛ-МАРАФОНЕ

Карагандинский железнодорожник стал чемпионом в республиканском трейл-марафоне – зимнем пробеге «Самопреодоление» в возрастной категории от 35 до 50 лет и завоевал третье место в абсолютном зачете.

Одним из лучших марафонцев стал старший энергодиспетчер ЭЧ-12 Жаксыгельды Игитаев.

– Я рад, что принял участие в этом соревновании, которое помогает спортсменам проявить себя и стать посланцем здорового образа жизни, который сейчас, как никогда, в тренде, – резюмировал он. Зимний пробег «Самопреодоление»

проходил в Костане, где собрались около сотни бегунов из Астаны, Актобе, Караганды, Кокшетау, Шучинска, Костаная, Лисаковска, Рудного, Качар, Аулиекольского, Костанайского и Узункольского районов. Участникам необходимо было преодолеть три дистанции, при этом лучшие марафонцы определялись в нескольких возрастных группах и абсолютном зачете.



В программу марафона входили забеги на 11, 22 и на 42 километра. Жаксыгельды Игитаев совершил забег на 42 километра. Во время мероприятия участников ожидали пункты питания, где можно было подкрепиться напитками, сухофруктами и орехами.

Светлана МОГАЙ, Караганда

Фото автора

В Алматинском отделении грузовых перевозок состоялись соревнования по шахматам, инициатором которых стал Алматинский филиал ОО «Казпрофтранс».



## И ШАХ, И МАТ...

Состязания, где приняли участие 12 человек, прошли в дружеской атмосфере, но с настоящим спортивным азартом. И стоит отметить, что все участники боролись за призовые места, показывая высокий уровень подготовки.

По итогам соревнований первое место занял охранник Алматинского филиала ТОО «ВЖД» Агадиль Дюсенбаев. Он продемонстрировал уверенную и стратегически выверенную игру, показывая высокий уровень мастерства и тактического мышления. На второй позиции – член сборной команды среди ветеранов АО «НК «КТЖ» Сатхан Куанышбеков, партии которого отличались продуманными ходами. Третьим стал ветеран Талгат Орумбаев.

По словам организаторов соревнований, подобные мероприятия способ-

ствуют развитию логического мышления, укрепляют корпоративный дух и создают благоприятную среду среди сотрудников.

– Шахматы для железнодорожников – это не просто игра, а интеллектуальный тренажер, развивающий внимательность и способность принимать решения. Эти качества особенно важны в работе, где каждая ситуация требует точного расчета и оперативных действий, – отмечает инструктор по спорту Алматинского филиала ОО «Казпрофтранс» Альберт Колдасбаев.

Все участники получили ценный опыт и массу положительных эмоций, награждены почетными грамотами и подарками.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Фото автора



## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ НБА

В Павлодаре прошел турнир по баскетболу среди железнодорожников. Победителем стала команда ПЧ-32.

В Павлодарском отделении магистральной сети и отделении ГП с 22 февраля стартовали спортивные мероприятия. Первым прошел турнир по баскетболу. Несколько команд боролись за победу, но лучшими стали железнодорожники ПЧ-32, второе место заняла команда станции Павлодар,

тройку лидеров замкнули работники ПЧ-30. К сожалению, ТЧЭ-18 в этот раз остался без призового места. Все результативные игроки были награждены ценными подарками.

– Этот год тоже будет насыщенным на спортивные состязания, как и прошлый. Сейчас готовимся к организации соревнований по перетягиванию каната, гири и армреслинг, – сообщила инструктор-организатор по спорту Павлодарского филиала ОО «Казпрофтранс» Наталья Мартынова.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар

Фото автора



КАЗАХСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



КАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Конаев көшесі б.  
тел: 8 (7172) 60-44-87,  
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415  
Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы  
Ерболат Тілеуберенов,  
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:  
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,  
автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59  
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20  
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092  
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Кудасбаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.